

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Эстония Республикасының Үкіметі арасында  
Мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастықты дамыту туралы келісім жасасу  
туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 1 маусымдағы N 611 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Эстония Республикасының Үкіметі арасындағы Мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастықты дамыту туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрі Дүйсен Қорабайұлы Қасейіновке қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Эстония Республикасының Үкіметі арасында Мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастықты дамыту туралы келісім жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен  
Эстония Республикасының Үкіметі арасындағы  
Мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастықты  
дамыту туралы келісім**

Бұдан әрі - Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен  
Эстония Республикасының Үкіметі

бостандықтың, демократияның, заң үстемдігінің, адам құқықтарын сыйлаудың, ар-ождан және дінге сенім бостандығының, дербестен таныту еркіндігінің құндылықтарын ұстануды дәлелдей отырып,

мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастық Тараптар мемлекеттері халықтарының арасында достық пен өзара түсіністікті дамытуға ықпал ететіндігіне сенім білдіре отырып,

мына төмендегілер туралы келісті:

**1-бап**

Тараптар жеке тұлғаны сыйлау, сөз, ар-ождан және дінге сенім, заң үстемдігі бостандығының рухани және мәдени құндылықтарды тану негізінде мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамытуға және терендетуге ерекше мән беретін болады.

## 2-бап

Тараптар осы Келісімнің мақсаттарына жетуге және Тараптар мемлекеттерінің халықтарын өзара жақындастыруға ықпал ететін, мемлекеттік, қоғамдық және жеке институттар, үйымдар мен бірлестіктер арасындағы жан-жақты ынтымақтастықтың бастамалары мен нысандарын қолдайтын болады.

## 3-бап

Мәдени ынтымақтастықты дамыту мен нығайту мақсатында Тараптар өзаралық қағидаттар негізді:

- мәдениет, әдебиет және өнер қайраткерлерімен көркем және шығармашылық үжымдармен, әртістермен алмасуды;
- мәдениет пен өнер фестивальдерін, көркемдік көрмелерді үйымдастыру мен өткізу ді;
- театр және музыкалық шығармаларды қою мен орындауды;
- мұражай ісі мен тарихи-мәдени мұраны сақтау саласындағы ынтымақтастықты;
- әдеби шығармаларды, музыкалық жазбалар мен партитураларды аудару мен жариялады;
- кино өнері саласындағы ынтымақтастықты, кинофестивальдар өткізуді, сондай-ақ бірлесіп фильм шығаруды;
- мәдени-тарихи мұраларды, мұрағат және кітапхана қорларын, ақпараттық және ғылыми-техникалық деректерді Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес қол жеткізу мен еркін пайдалануды көтермелейтін және қолдайтын болады.

## 4-бап

Тараптар заңды және жеке тұлғалардың авторлық құқықтарын Тараптар мемлекеттерінің аумағындағы ұлттық заңнама талаптарына және өздері қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес қорғайтын болады.

## 5-бап

Тараптар білім саласында ынтымақтасатын және:

- лекциялар мен ғылыми зерттеулер жүргізу үшін оқытушылармен, тағылымдамадан өтушілермен, аспиранттармен және басқа да мамандармен алмасуға;

- мүмкіндігінше оқу орындарында оқу және тағылымдамадан өту үшін орындар мен  
стипендиялар б е р у г е ;

- студенттер және оқушылармен алмасуға;
- екі ел халықтарының тілі мен әдебиетін, тарихы мен мәдениетін зерделеуге;
- өз мемлекеттерінің тарих, мәдениет, география, экономика және қоғамдық-саяси  
даму жөніндегі оқу курсары мен құралдарында объективті көрсету ісінде, оның ішінде  
тиісті құжаттармен және материалдармен алмасу жолымен өзара іс-қимыл жасауға  
жәрдемдесетін болады.

## 6-бап

Тараптар оқу орындары мен ғылыми үйымдар арасында байланыстар орнату,  
ғалымдармен және ақпаратпен алмасу, сондай-ақ бірлескен зерттеу жобаларын іске  
асыру арқылы білім және ғылым саласындағы өзара тиімді ынтымақтастықты  
қолдайтын және көтермелейтін болады.

## 7-бап

Тараптар теледидар, радио және баспасөз үйымдары арасындағы ынтымақтастық  
пен тікелей байланыстарға мынадай жолдармен жәрдемдесетін болады:

- Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына қайшы келмейтін радио және  
теледидар бағдарламаларымен алмасу;
- Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына қайшы келмейтін ақпараттық  
агенттіктер, газеттер мен журналдар редакциялары арасындағы байланыстар;
- журналистермен және мамандармен алмасу, кездесулер мен семинарлар өткізу.

## 8-бап

Тараптар баспа қызметі, полиграфия және кітап саудасы саласындағы  
ынтымақтастыққа жәрдемдесетін болады.

## 9-бап

Тараптар денсаулық сақтау және медицина ғылымы саласындағы ынтымақтастыққа  
мынадай бағыттар бойынша жәрдемдесетін болады:

- денсаулық сақтауды үйымдастыру және аурулардың алдын-алу;
- бірлескен ғылыми зерттеулер мен консультациялар өткізу;
- медициналық-техникалық ақпаратпен алмасу;
- оқу орындары мен ғылыми орталықтар арасында тікелей байланыстар орнату;
- мамандармен және студенттермен алмасу.

10-бап

Тараптар спорт саласындағы ынтымақтастықты дамытууды мыналарды қолдай отырып көтермелейтін болады:

- спорттық объектілерді жобалау, жарактандыру, пайдалану саласында м а м а н д а р м е н а л м а с у ;
  - жарыстар мен басқа да спорттық іс-шараларды үйымдастыру;
  - делегациялармен, командалармен, спортшылармен және жаттықтырушылармен алмасу.

11-бап

Тараптар балалар, жастар қоғамдық бірлестіктерінің қызметі, мемлекеттік жастар саясатының бағыттары туралы ақпаратпен алмасуды жүзеге асырады, өз мемлекеттерінің жастар ұйымдары арасындағы ынтымақтастықты дамытуға ықпал етеді.

12-бап

Осы Келісімді іске асыру жөніндегі Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары  
мыналар б о л ы п т а б ы л а д ы :

# Қазақстан таралынан:

- Мәдениет министрлігі - мәдениет жастар мәселелері бойынша,
  - Ақпарат министрлігі - бұқаралық ақпарат құралдары мәселелері бойынша,
  - Білім және ғылым министрлігі - білім және ғылым мәселелері бойынша,
  - Денсаулық сақтау министрлігі - денсаулық сақтау мәселелері бойынша,
  - Туризм және спорт жөніндегі агенттік - спорт мәселелері бойынша;

## Э с т о н т а р а пынан:

- Мәдениет министрлігі - мәдениет және спорт мәселелері бойынша,
  - Білім және ғылым министрлігі - білім, ғылым және жастар мәселелері бойынша.

Құзыретті мемлекеттік органдардың атауы немесе олардың функциялары өзгерген жағдайда Тараптар бір-бірін дипломатиялық арналар бойынша хабардар етеді.

13-бап

Тараптар Келісімге тиісті ынтымақтастық бағдарламаларын 2-3 жылға қабылдай алады.

14-бап

Осы Келісімде көзделген қызметтің барлық түрлері Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына және Тараптардың мемлекеттері қатысушылар болып табылатын халықаралық келісімдер мен конвенцияларға сәйкес келуі және жүзеге асырылуы тиіс.

15-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша оның ажырамас бөліктері болып табылатын жекелеген Хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

16-бап

Осы Келісімнің ережелері Тараптар басқа халықаралық шарттарға сәйкес қабылдаған құқықтар мен міндеттемелерді қозғамайды.

17-бап

Егер әрбір жекелеген жағдайда шығындарды қаржыландырудың өзгеше тәртібі айтылмаған болса, әрбір Тарап осы Келісімді іске асыруға байланысты барлық шығыстарды дербес алады.

18-бап

Осы Келісімнің ережелерін қолдану немесе түсіндіру кезінде туындауы мүмкін даулар мен келіспеушіліктер Тараптардың келіссөздері мен консультациялары жолымен шешілдеп болады.

19-бап

Осы Келісім Тараптар оның күшіне енүі үшін қажетті мемлекетішлік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады және егер Тараптардың біреуі екінші Тараптың кезекті мерзім аяқталғанға дейін кемінде алты ай ішінде оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламасын алмаса, өздігінен келесі бесжылдық кезеңге үзартылады.

Егер Тараптар өзгеше келіспеген болса, осы Келісімнің қолданылуын тоқтату оның қолданылуы барысында бекітілген бағдарламаларды жүзеге асыруға кедергі келтірмейді.

2004 жылғы "\_\_\_" қаласында әрқайсысы қазақ, эстон және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің бірдей күші бар. Осы Келісімнің

ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер болған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының*

*Үкіметі үшін*

*Эстония Республикасының*

*Үкіметі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК